

«№28 Абылай хан атындағы жалпы орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі



«Бекітемін»
Мектеп директоры:
Ж. Есенбетов

«Бала еңбегін қанау дұрыс па?»

(10-11 сыныптар арасында дәріс)

Әлеуметтік педагог: Алимбекқызы Қ.

2022-2023 оқу жылы

«Бала еңбегін қанау дұрыс па?»

Мақсаты:

- Балалар мен ата-аналарды және ересектерді қоғамда кездесіп отырған балаларға қатысты еңбек ауыр түрлерінің зияны мен салдары туралы түсінік беру, талқылау.
- Оқушыларды жаңа тақырыптық талқылауға, өз бетімен жұмыс істеуге үйрету және проблемалық сұрақтар арқылы олардың ой- өрісін, ойлау қабілеттігін белсенділігін арттыру. Заң сыйлайтын тұлғаны қалыптастыру.

Барысы:

«Ой шақыру» кезеңі

Сынып сағатын бастамас бұрын оқушыларға «Күше қыз» ертегісінен үзінді көрсетіледі.

Оқушыларға проблемалық сауалдар қойылады. Өгей шешесінің іс-әрекеті дұрыс деп ойлайсыңдар ма?

«Күлше қыз» атты кейіпкерінің қандай құқығы бұзылды?

«Күлше қыздың» шешесіне не айтар едіңдер?

Бала — бұл әке-шешенің перзенті, ұрпағы. Ал еңбек — адамның аянбай тер төгіп әрекет етуінің нәтижесінен болатын адал ақы.

Бала еңбегі мәселесі бүкіл әлемде, оның ішінде дамушы елдерде де орын алып отыр. Бала еңбегі баланың дене мен психоәлеуметтік дамуына үлкен, кейде оңалмайтын нұқсан келтіреді. Жас мөлшеріне сай емес ауыр еңбекке әдетте тұрмыс деңгейі төмен отбасыларының немесе жастайынан жетім қалған балалар араласады.

Негізінен, әрбір тұлға 18 жасқа толғаннан бастап еңбекке қабілетті болып саналады. Еңбек кодексі бойынша жұмысқа қабылдау үшін ең төменгі жас — 16 жас. Дегенмен 15 - ке толған азаматтар орта білім беру мекемелерінде білім алған жағдайда, ата - ананың бірінің, қамқоршы адамның немесе асырап алушының жазбаша келісімімен еңбек келісім - шартын жасау арқылы жұмыс істей алады.

Қоғамда мынадай мысалдар да бар: ата-ана баланы дүниеге әкеледі. Одан ол бала өсе келе ата-ана оған шектен тыс міндеттемелерді арта бастайды. Оған қоса, бала әкесінен не анасынан өзінің қажеттіліктеріне ақша сұраса, «ақша жоқ!» деген жауапты естиді. Бұл арқылы баланың санасында мынадай түсінік қалыптасады: «ата-анам қаражаттан таршылық көруде, оларды қинамайын, өзім жұмыс істеп, ақша тауып, өз қажеттіліктеріме жұмсайын». Мұнымен қоймай, ата-ана өздері күні-түні жұмыс жасап, шаршағанын 18 жасқа толмаған баласына айтып, оны да «үйге кіріс әкелмейсің бе?» немесе «қашан адам боласың?» деген ауыр сөздерімен баланы жұмыс жасауға итермелейді. Бұл жағдаят барлық отбасыда бірдей емес әрине, бірақ жиі кездесетіні сөзсіз. Біріншіден, бұл әке-шешенің заңнан хабарсыз екендігін көрсетеді. Ал екіншіден, бұл әке мен ананың баламен қарым-қатынасында психология тұрғысынан түсінігінің жоқтығы және ата-ана ретіндегі білімінің

балалар еңбегін заңсыз пайдалану, мәжбүрлеп жұмыс істетуге деген ұғым бар. Бұл бала құқығымен санаспастан үлкендердің әлімжеттілік жасап, күні-түні ауыр жұмысқа салуы немесе еңбегіне қарай ақы төлемеуі. Балаларға қатысты еңбек заңына сүйенсек, 18 жасқа толмағандарға ауыр жұмыс істетуге тыйым салынған. әрі балалардың жас ерекшеліктеріне қарай күніне 2 жарым сағаттан 4 сағатқа дейін ғана еңбек ету рұқсат етілген. 14-16 жас аралығындағылар аптасына 24 сағат; 16-18 жас аралығындағылар аптасына 36 сағат қана еңбекке тартылуы керек. Біздің елде 14 жастан асқан баланың сабақтан тыс уақытта еңбекке араласуы рұқсат етілгенмен, олардың психикасы мен физиологиясына кері әсер ететін жұмыс істеуіне болмайды. Ал бұған керісінше, қабырғасы қатаймаған жасөскінді аямастан 12 сағаттан асыра жұмыс істетуге деректері тіркелуде. Бұл дегеніміз, көп елде бала еңбегінің уақыт мөлшері сақтала бермейтіндігін көрсетеді. Балалардың еңбегін заңсыз пайдалануда ата-аналар да шет қалмайды. Олар өздеріне тиесілі ауыр жұмыстарды балаларына да атқартады. Мұндайлардың қатарын елімізге күнкөріс қамымен Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан сынды көрші мемлекеттен келгендер құрайды. Соңғы жылдары сондай 580 отбасы келген, - деді.

Халықаралық статистикалық мәліметке сүйенсек, 5-тен 14 жас аралығындағы 132 миллион кәмелетке жасы толмаған жеткіншек үлкендермен тең дәрежеде жұмыс істейді. Жасөспірімдердің еңбегін көбінесе біліктілікті қажет етпейтін үлкен мегаполистер мен ауыл шаруашылығында пайдаланады. Әрине, бұдан Қазақстан да шет қалмайды. Көптеген мемлекеттерде бала еңбегін шектейтін заңнамалар бар, ондағы көптеген заңдар Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) нормативті актілері негізінде қабылданған. Осыған қарамастан бала еңбегінің каналуы немесе мөлшерден тыс жұмыс істеуі орын алуда. Әсіресе дамушы мемлекеттердегі жағдай қуантарлық емес. Бала еңбегінің проблемасы кедейшілікпен тікелей байланысты. Көптеген ата-аналары оларды асырап бағуға мүмкіндігі жетпейтіндіктен еңбек етуге мәжбүр. Біздің елде балалар еңбегін пайдалану Оңтүстік Қазақстан мен Қызылорда мақта теру, Алматы облысында темекі жапырақтарын жинау деректері бойынша орын алуда. Бала бақытты өмір сүруге, денсаулығын сақтауға, білім алуға, ойын ойнап, дем алуға құқылы. Ал Орталық Азияда балаларды көбінесе садақа сұрауға, ұрлық жасауға, мақта теруге, құрылыс жұмыстарына, сауда-саттыққа жұмсайды. Ал бұл өз кезегінде баланың құқын шектеп, денсаулығына зиянын тигізді. Әсіресе, жазғы демалысында ата-анасы аяусыз жұмсап, жұмысқа жегеді. Өйткені 16 жасқа толмаған бала күніне 2,5 сағат қана жұмыс істеуі тиіс». Конституциямыздың 12 - бабында: 1. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқытары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. 2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады. - Конституциямыздың 24 - бабында: 1. Әрбір бала еңбек құқығына, қызмет және кәсіп түрлерін еркін таңдауға құқығы бар. Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі. - Бала еңбегі мәселелеріне тікелей қатысты бірнеше халықаралық конвенциялар мен маңызды

таяздығынан өз міндеттерінің не екенін білмеуі деп есептеймін. Мұның арты баланың күн-түн демей көшеде жүруіне, оның үстіне әр түрлі зиянды әрекеттің иемденіп алуына әкеп соқтырады.

Жоғарыда айтылып өткен себептердің нәтижесінде жұмыс істеуге мәжбүр болған бала «бала еңбегін қанау» деген ұғымға тап болады. Бұл қайдан шығады? Бұл дегеніміз қара жұмыс атқарып, өз нәпақасын тапқысы келген «бала сауатсыздығы» деп білемін, яғни жұмыс берушілердің жасөспірімнің еңбек ақысын қанау.

Бүгін біздің еліміз – бүкіл әлем қауымдастығы мойындап отырған тәуелсіз, Егемен мемлекет. Әр мемлекеттің өз заңы болады. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан Республикасында құқықтық жалпы білім беруді ұйымдастырудың шаралары туралы қаулысын жариялады. Елбасы «Заңды білу – заман талабы» екенін көрсетті. - Көптеген адамдар санасында «Құқық» ұғымы жазалау, соттау, құқық бұзылуының ұғымдарымен байланыстырады. Бірақ құқық әділеттілік, теңдік, ізгілік екендігін, қоғамға негізделген тәртіп ережелері екенін естен шығармауымыз керек.

«Үлестірмелі парақшалар арқылы» ақпараттарды таратып беремін. Оқып, өз көзқарастарын білдіреді. Дөңгелек үстелде талдайды. Оқушы: Бала еңбегі проблемасы бүкіл әлемде: өнеркәсібі дамыған елдерде де, дамушы елдерде де орын алып отыр. Бала еңбегі баланың дене дамуы мен психоәлеуметтік дамуына үлкен, кейде оңалмайтын нұқсан келтіреді. Жас мөлшеріне сай емес, ауыр еңбекке негізінен халықтың әлеуметтік неғұрлым осал топтарының, тұрмыс деңгейі төмен отбасыларының немесе толық емес отбасыларының балалары араласады. Оқушы: Сонымен қатар олардың білім алуға, денсаулық сақтау қызметтеріне және кіріс көздеріне қол жеткізуі шектеулі. Осылайша, қиын жағдай қалыптасады: балаларды еңбекке тарту олардың болашақта білім алу перспективаларын нашарлатады, ал ол өз кезегінде оның кейіннен жұмысқа орналасуына әсер етеді. Соңғы нәтижесінде бала еңбегі адамзаттық ресурстардың дамуына және еліміздің жалпы әлеуметтік - экономикалық дамуына жағымсыз әсер етеді Ұлдарға қарағанда қыздар зорлық-зомбылыққа көбірек түсіп, еңбегі қаналып жатады. Мұндай жағдайға әлі де оң-солын тани білмейтін мектеп қабырғасындағы жасөспірім қыздар ұрынады. Қыздарды алдап, құрықтарына түсіріп, шет ел асырып, жезөкшелік кәсіппен айналысуға мәжбүрленген жағдайларды өмірде аз кездестіріп жатқан жоқпыз. Заңсыз еңбегі қаналып, осындай айуандық әрекеттердің құрсауына түспес үшін балалар өз құқықтарын біліп жүруі керек. Бүгінгі таңда өзекті болып отырған балалар еңбегіне қатысты қоғамда көптеген мәселелер бар. Заңсыз еңбегі қаналып, осындай айуандық әрекеттердің құрсауына түспес үшін балалар өз құқықтарын біліп жүруі керек.

Көп адамдар балалар еңбегі мен еңбек тәрбиесін шатастырады. Еңбек тәрбиесі дегеніміз – үйде ата-анаға көмектесу, қоғамдық жұмыстарға араласу. Мұндай балаларға зиянсыз еңбектен келіп кетер еш қауіп жоқ. Керісінше, бұл баланы тәрбиелеудегі, болашақ өмірге бейімдеудегі негізгі құрал. Ал оған қарсы

күжаттар бар. Ең танымалы 1989 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы бала құқықтары туралы Конвенциясы маңыздысы болып табылады. Бала еңбегі тұтастай экономиканың барлық өндірістік және өндірістік емес салаларында ұшырасатын, қалалық бейформал экономикада, ауыл шаруашылығында, жергілікті базарлардағы ұсақ саудада, сондай - ақ үй шаруашылығында пайдаланылады. мысалы, кәмелетке толмағандардың еңбегі негізінен көкөністер мен жемістерді сұрыптау, жүк тиеу жұмыстары («арбакеш» жасөспірімдер деп аталатын) кезінде қолданылады, ал сирек жағдайларда жастары кіші кәмелетке толмағандар «қайыршы» ретінде пайдаланылуы мүмкін. Халықаралық еңбек ұйымының пікірі бойынша, Қазақстандағы бала еңбегін пайдалану салалары мен нысандарына мыналар жатады: • Ауыл шаруашылығы жұмыстары (мақта, темекі, жүзім және т. б. дақылдар); • Еңбегін пайдалану (7 - 18) (ауыл, қала), ауыл шаруашылығы мектептері (мектеп жанындағы учаскелер, базарлар, мал шаруашылығы (мал бағу), құрылыс, шағын бизнес (қара жұмысшы ретінде, май -, бензинкүю стансаларында, базарларда тауарларды түсіру және тиеу (жас ерекшеліктері мен шарттық міндеттемелер бұзылады); • Көліктік қызметтер (шағын автобустардағы кондукторлар); • Қайыршылық (жергілікті балалар, көшіп - қонушылар, дені сау адамдар мен мүгедектер); • Ұсақ тонау; • Есірткі трафигі (сора тозаңын жинауға қатысу; мектептерде, шетелге, ел ішінде шабарман болу); • Ата - аналарының, қамқоршыларының бала еңбегін пайдалануы (жезөкшелікпен айналысуға мәжбүрлеу, балаларды сату); пайда табу үшін бала асырап алу немесе қамқоршылықты ресімдеу; әлеуметтік жәрдемақылар, пайда алу үшін баланың дене мүшесін кемтар ету); Оқушы: Әрбір істің бала таппас шешімін Жаза беріп, айта көрме кесімін Байқаусызда балалығын жасап - ап Ағат басса, бергін оған кешірім,- дей отырып, бала еңбегін заңсыз қолдана алмаймыз деген қорытындыға келеміз.

Қорытынды: Балалар еңбегі мәселесі ортаға салып, талқылап, бір айтқаннан шешілетін мәселе емес. Кәмелет жасқа толмаған баланың жұмыс істеп кетуін болдырмас үшін, алдымен, барлығын ата-анадан бастау қажет. Ашып айтқанда, әке мен анаға заң бойынша және ата-ананың міндеттері тұрғысынан түсінік жұмыстары жүргізіліп, психологиялық сабақтар өткізілуі тиіс деп санаймын. Сол арқылы бала да ата-ана қамқорлығын көріп, ешбір қиындықсыз, таршылықсыз еркін, әрі білімді болып ер жетеді. Бұл мәселені біз шеше алатын тағы бір тұсы – Үкіметіміздің жұмысқа жарамды ересек халқын жұмыспен қамтуды алға жылжыту, халықтың өмірлік деңгейін жақсарту, табысын арттыруға септігімізді тигізу. Бұл шешім арқылы ерте жастан жұмысқа жегілген балалар статистикасының төмендеуіне әкеле аламыз деп ойлаймын.

Балаларымыздың сабақ оқудың орнына санасына салмақ, беліне ауырлық түсіруінен сақтайық!

**«№28 Абылай хан атындағы жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**«Бала еңбегін қанау немесе бала-заңмен қорғалған тұлға» туралы
2022-2023 оқу жылы**

Анықтама

№28 Абылай хан атындағы жалпы орта мектебінде, 18.01.2023ж күні 10-11 сыныптар арасында «Бала еңбегін қанау немесе бала-заңмен қорғалған тұлға» тақырыбында дәріс оқып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Дәрістің мақсаты:

- 1) Адам құқықтарын сақтау, өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға дайындық қабілеттілігін қалыптастыру.
- 2) Оқушыларға адам құқығы, бала құқығы, құқықты алаң, оқушының құқығы мен міндеті ұғымдарын меңгерту, проблемалық жағдаяттарды құқықтық тәсілмен шешуге үйрету.
- 3) Оқушыларға өз құқықтары мен еркіндіктерін шектеп ұстау міндеттілігі туралы, құқықтық нормативтік актілерді орындай, құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке, елжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу.

Қазіргідей бәсекелестік заманында кез-келген мемлекеттің гүлденуі, ондағы адам ресурстарының сапасына тікелей тәуелді.

Дайындаған:

Әлеуметтік педагог: Алимбекқызы Қ.



Дәріс сабағы

